



«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директоры

А. Боранбай

2020 жыл

## 5-6 сынып оқушылары үшін республикалық олимпиаданы өткізу Ережесі

### 1. Жалпы ережелер

- 1.2. Осы ереже 5-6 сынып оқушылары үшін республикалық олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыруды, әдістемелік қамтамасыз етуді, қатысу тәртібін және жеңімпаздарды айқындайды.
- 1.3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері жалпы білім беру мекемелері білім алушыларының шығармашылық қабілеттерін және танымдық қызметке қызығушылығын анықтау және дамыту, дарынды балаларды қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ ғылыми білімді насихаттау болып табылады.
- 1.4. Олимпиада жыл сайын облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен, өңірлік «Дарын» орталықтарымен, Республикалық білім беру ұйымдарымен, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлесіп қазан-желтоқсан айларында өткізіледі.
- 1.5. Олимпиада жалпы білім беретін бағдарламалар негізінде 5-6 сыныптар үшін математика, жаратылыстану, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы пәндері бойынша өткізіледі.

### 2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

- 2.1. Олимпиада үш кезеңде өткізіледі.
  - 1 кезең – мектепшілік;
  - 2 этап – аудандық;
  - 3 этап – облыстық, республикалық олимпиадаға теңестірілген.
- 2.2. Олимпиаданың өткізілуін бақылау кестеге сәйкес облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, өңірлік «Дарын» орталықтарына, республикалық білім беру ұйымдарына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-на жүктеледі.

### 3. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

- 3.1. Олимпиаданың барлық кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін «Дарын» РҒПО республикалық ұйымдастыру комитетін құрады (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).
- 3.2. Республикалық ұйымдастыру комитеті:
  - 1) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізуді үйлестіреді және бақылайды;
  - 2) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу мерзімін белгілейді;

3) Олимпиаданың қорытындыларын шығарып, талдайды.

3.3. Олимпиаданың барлық кезеңдеріне арналған тапсырмаларды «Дарын» РҒПО әзірлейді және бекітеді.

#### **4. Олимпиаданың қазылар алқасының қызметі.**

4.1. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, біліктілігі жоғары тәжірибелі мұғалімдер, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері енгізілуі мүмкін.

4.2. Қазылар алқасы әр кезеңде Олимпиадаға қатысушылардың жазбаша жұмыстарын тексереді, қатысушылармен орындалған тапсырмаларға талдау жүргізеді, олардың нәтижелерін бағалайды. Жеңімпаздарды анықтайды, жүлделі орындарды бөледі және Ұйымдастыру комитетіне жеңімпаздарды марапаттау жөнінде ұсыныстар береді.

4.3. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын тексеру нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

4.4. Олимпиаданың хаттамалары аудандық/қалалық, облыстық білім басқармаларында, өңірлік «Дарын» орталықтарында, республикалық білім беру ұйымдарында, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-да және «Дарын» РҒПО-да сақталады.

#### **5. Олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды анықтау.**

5.1. Мектепшілік кезеңнің жеңімпаздары аудандық кезеңге қатысуға облыстық ұйымдастыру комитетінің шешімімен жіберіледі. Аудандық кезеңнің жеңімпаздары облыстық кезеңге жіберіледі (рейтингке сәйкес ең жоғары ұпай жинаған 2 жеңімпаз).

5.3 Барлық кезеңдердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III орындарды алған қатысушылар есептеледі.

5.4. Мектепшілік және аудандық кезеңдердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері жергілікті білім беру саласындағы атқарушы органдардың дипломдарымен және грамоталарымен марапатталады.

5.5. Олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РҒПО-ның I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

5.6. Олимпиаданың қорытындысы қатысушылардың назарына жеткізіледі, бұқаралық ақпарат құралдарында және «Дарын» РҒПО сайтында жарияланады.